**Есенжолов Нуролла Ергалиевич** – докторант Alikhan Bokeikhan University, магистр права, e-mail: nauka-8080@mail.ru.

**Yessenzholov Nurolla Ergalievich** – Doctoral student of Alikhan Bokeikhan University, Master of Law, e-mail: nauka-8080@mail.ru.

**Думан Әбілтайұлы Жампейісов** – Alikhan Bokeikhan University мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушы, философия докторы (PhD), e-mail: duman_d@mail.ru.

**Жампеисов Думан Абильтаевич** – старший преподаватель кафедры государственно-

правовых дисциплин Alikhan Bokeikhan University, доктор философии (PhD), e-mail: duman_d @mail.ru.

**Zhampeisov Duman Abiltaevich** – Senior Lecturer of the Department of State and Legal Disciplines Alikhan Bokeikhan University, Doctor of Philosophy (PhD), e-mail: duman_d@mail.ru.

**Мұхтар Бақтыбекұлы Бақтыбеков** – Alikhan Bokeikhan University мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, құқықтану магистрі, e-mail: mukhtar-79@mail.ru.

**Бактыбеков Мухтар Бактыбекулы** – старший преподаватель кафедры государственно-правовых дисциплин Alikhan Bokeikhan University, магистр юриспруденции, e-mail: mukhtar-79 @mail.ru.

**Baktybekov Mukhtar Baktybekuly** – Senior Lecturer of the Department of State and Legal Subjects Alikhan Bokeikhan University, master of jurisprudence, e-mail: mukhtar-79@mail.ru.

**ӘОЖ 347.13**
**МҒТАР 10.27.41**

**Ф.Г. Ибрагимова[1], Е.М. Айтқазин[1], Н.О. Байжұманов[2]**
*[1]Alikhan Bokeikhan University, Семей қ., Қазақстан Республикасы*
*[2]«Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты, Семей қ., Қазақстан Республикасы*

# «МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫНА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ ІС ЖҮЗІНДЕ ІСКЕ АСЫРУ ТИІМДІЛІГІНІҢ МӘСЕЛЕСІ

**Аннотация.** Ұсынылған ғылыми мақала «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына 2021 жылдың 15 қарашасында енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың тәжірибеде іске асыру тақырыбын зерделеудің жалғасы болып табылады.

Авторлармен жаңашылдықты іс жүзінде жүзеге асыру мәселелеріне терең талдау жасалынған, кейбіреуі бойынша нақты ұсыныстар беріледі. Атап айтқанда, мемлекеттік сатып алуда негіздемелік келісімдерді, рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып, конкурстық сатып алудың жаңа тәсілдерін енгізу, электрондық дүкен арқылы сатып алу әдісін қолданысқа енгізудің артықшылықтары мен қолданысқа енгізуде туындап отырған мәселелері қарастырылады.

Мақаланың мақсаты мемлекеттік сатып алу жүйесін реттейтін заң нормалары арасындағы қарама-қайшылықтарды жою, сондай-ақ қабылданған жаңа жүйенің іске қосылуына тәжірибелік талдау жасау арқылы жемқорлыққа қарсы төтеп бере алатын, ашықтықты қамтамасыз етуі тиіс жүйе қалыптастыру мақсатында жүргізіліп жатқан заңдарды өзгерту тәжірибесінің тиімділігін зерттеу болып табылады.

**Түйінді сөздер:** мемлекеттік сатып алу; тапсырыс беруші; өнім беруші; негіздемелік келісім; конкурс; портал; рейтингтік-балдық жүйе; электрондық дүкен.

**Ф.Г. Ибрагимова[1], Е.М. Айтказин[1], Н.О. Байжуманов[2]**
*[1]Alikhan Bokeikhan University, г. Семей, Республика Казахстан*
*[2]Государственный лесной природный резерват «Семей орманы», г. Семей, Республика Казахстан*

# К ВОПРОСУ ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРАКТИЧЕСКОЙ РЕАЛИЗАЦИИ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ В ЗАКОНЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «О ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПКАХ»

**Аннотация.** Представленная научная статья является продолжением изучения темы практической реализации изменений и дополнений, внесенных 15 ноября 2021 года в Закон Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках».

Авторами проводится глубокий анализ вопросов практической реализации нововведений, а также по некоторым из них даются конкретные рекомендации. В частности в статье рассматриваются вопросы внедрения новых способов конкурсных закупок с использованием рамочных соглашений, рейтингово-балльной системы, преимущества введения в действие и проблемы внедрения метода закупок через электронный магазин.

Целью статьи является проведение комплексного исследования эффективности проводимых на практике изменений в законодательстве с целью внесения предложений по устранению имеющихся противоречий между нормами закона, регулирующего систему государственных закупок, а также формирования норм, способных противостоять проявлению коррупции, которая в свою очередь должна обеспечивать прозрачность путем практического анализа внедрения нововведений.

**Ключевые слова:** государственные закупки; заказчик; поставщик; рамочное соглашение; конкурс; портал; рейтингово-балльная система; электронный магазин.

**F.G. Ibragimova[1], Y.M. Aytkazin[1], N.O. Baizhumanov[2]**
*[1]Alikhan Bokeikhan University, Semey c., the Republic of Kazakhstan*
*[2]The state natural reserve «Semey ormany», Semey c., the Republic of Kazakhstan*

# ON THE ISSUE OF THE EFFECTIVENESS OF THE PRACTICAL IMPLEMENTATION OF AMENDMENTS AND ADDITIONS TO THE LAW OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN «ON PUBLIC PROCUREMENT»

**Abstract.** The presented scientific article is the second prepared by this author's composition on the topic of practical implementation of amendments and additions made on November 15, 2021 to the Law of the Republic of Kazakhstan dated December 4, 2015 «On Public Procurement».

The authors conduct an in-depth analysis of the issues of practical implementation of innovations, as well as specific recommendations on some of them. In particular, the article discusses the introduction of new methods of competitive procurement using framework agreements, rating-point system, the advantages of putting into effect and the problems of implementing the procurement method through an electronic store.

The purpose of the article is to conduct a comprehensive study of the effectiveness of changes in legislation carried out in practice in order to make proposals to eliminate existing contradictions between the norms of the law regulating the public procurement system, as well as the formation of norms capable of resisting the manifestation of corruption, which in turn should ensure transparency through practical analysis of the introduction of new technologies.

**Keywords:** public procurement; customer; supplier; framework agreement; competition; portal; rating and point system; electronic store.

DOI: 10.52425/25187252_2023_27_18

*Кіріспе.* Соңғы жылдары елімізде мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы жетілдіруге байланысты белсенді жұмыс жүргізіліп жатқаны белгілі. Осы мақсатта «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңына соңғы өзгерістер мен толықтырулар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу, жер қойнауын пайдаланушылар мен табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуы, байланыс, автомобиль көлігі, қорғаныс және ғылымды қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңымен енгізілгені белгілі.

Осы мақала авторлары құрамымен аталған өзгертулерді зерттеу барысында бір мақала жарияланып, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңына енгізілген өзгерістердің іс жүзінде жүзеге асырылуының кейбір мәселелері қарастырылған болатын [1].

Қарастырылып отырған өзгерістердің күрделілігіне, ұзағырақ мерзімге бақылауды қажет етуіне және кейбірінің күшіне ену уақыттары заң қабылдану уақытынан кейінірек қарастырылуына байланысты өзгерістердің іс жүзінде іске асырылуына әрі қарай талдау жасау осы зерттеу аясында мүмкін болды.

Заңнамаға енгізіліп отырған жаңартулардың тәжірибеде іске асуы барысында нормалардың бір-біріне қарама-қайшы келуі анықталуда және кейбір механизмдерді жетілдіру қажеттілігі туындап, біраз қиындықтар тудыруда, тиісінше жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Сондықтан зерттеу тақырыбы өзекті және мақала барысында қойылған мақсат енгізілген жаңашылдықтар мен өзгерістердің іс жүзінде іске асырылуына зерттеу жүргізуді жалғастыру, анықталған олқылықтар мен кедергілерді шешу мүмкіндіктерін қарастыру, тиісті ұсыныстар жасау.

*Әдістер мен материалдар.* Ғылыми мақаланы жазу барысында құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, құрылымдық, логикалық және құқықтық актілердің нормаларын түсіндіру әдістері қолданылды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР

заңына 2021 жылғы 15 қарашада енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәні мен мазмұны логикалық, салыстырмалы құқықтық, нормаларды түсіндіру әдістерін қолдану арқылы зерттелді.

*Негізгі бөлім.* «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңына 2021 жылдың 15 қарашасында енгізілген өзгертулердің біразы бірден күшіне енсе, кейбірі 2022 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілген болатын. Өзгерістер жүйені оңтайландыруға байланысты мүмкіндіктерді, оның толық әлеуетін іске асыруға және сатып алу бюджетін тиімдірек пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар осы өзгерістер мемлекеттік сатып алу жүйесінің жемқорлыққа қарсы төтеп бере алатын, неғұрлым ашықтықты қамтамасыз етуге қол жеткізетін жүйе қалыптастыруды көздейді.

Жалпы, енгізілген өзгерістерге осыған дейінгі зерттеуде шолу жасалынған болатын, оның ішінде жекелеген жаңашылдықтардың тәжірибеде қолданылуы сол зерттеуде қарастырылды [1].

Алайда, жоғарыда атап өткендей, өзгерістердің күрделілігіне, ұзақ мерзім бақылауды қажет етуіне және кейбірінің күшіне ену уақыттары заң қабылдану уақытынан кейінірек қарастырылуына байланысты өзгерістерді зерттеу әрі қарай жалғастырылып, келесідей тәжірибеде жүзеге асырудың өзекті болып отырған мәселелері талқыланды:

1. Негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып, конкурсты сатып алудың жаңа тәсілі енгізілді. Бұл әдісті қарастыру үшін негіздемелік келісім ұғымын анықтау қажет. «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 2-бабының 22-1 тармағына сәйкес негіздемелік келісім – тапсырыс беруші мен негіздемелік келісімге қатысушы арасында кейіннен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу мақсатында орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды өткізу нәтижелері бойынша әлеуетті өнім берушілермен мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы және (немесе) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы арасында жасалатын келісім[1].

Сатып алудың бұл түрі үлгілік техникалық ерекшеліктерді пайдалана отырып, белгілі бір, стандартталған, жиі сатып алынатын тауарлар бойынша ғана қолданылады.

Мәселен, «Негіздемелік келісім пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 17 қаңтардағы №44 бұйрығына сәйкес сатып алудың бұл әдісі келесі сатып алулар үшін қолданылады:

а) бекітілген телефондық байланыс, ұялы байланыс және Интернетке қол жеткізу бойынша қызметтер көрсету;

ә) жанармай (АИ-92, АИ-95, АИ-98), дизельдік жанармай (жазғы, қысқы, арктикалық) сатып алу кезінде[2].

Көрсетілген тәртіпке сәйкес сатып алуды облыс ауданының, облыстық маңызы бар қаланың, облыстық маңызы бар қаладағы ауданның, республикалық маңызы бар қаланың және астананың Бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушысы жүргізуі тиіс.

Алайда, іс жүзінде мұндай бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы болмаған жағдайлар жиі кездеседі. Қаржы министрлігі мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының болмауы және оны айқындау мәселесі бойынша қойылған сұрауларға мұндай ұйымдастырушының тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте болуға тиіс деген жауаптар беруде. Бұдан басқа, тапсырыс берушінің мұндай ұйымдастырушы болмаған кезде мемлекеттік сатып алу рәсімін басқа тәсілмен жүргізуге құқығы бар екендігі көрсетілген жауаптар да болған. Сұрақ тек өңірлер төңірегінде болып отыр, ал республикалық деңгейде қазіргі уақытта

[1] Мемлекеттік сатып алу туралы: Қазақстан Республикасының 2015 ж. 4 желтоқсандағы №434-V Заңы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000434 (жүгінген күні: 15.12.2022).

[2] Негіздемелік келісім пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 ж. 17 қаңтардағы №44 бұйрығы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026525 (жүгінген күні: 17.12.2022).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Қазынашылық комитеті мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы болып табылады.

Енгізілген өзгерістерді тәжірибеде қолдану барысында анықталған тағы бір мәселе – мемлекеттік сатып алу порталында мемлекеттік сатып алу жоспарын орналастыру және сатып алуды өткізу тәсілін таңдау кезінде негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып өткізуге болатын конкурс түрінің жоқтығы. Яғни, ондай конкурс түрін таңдау мүмкіндігі порталда қарастырылмаған.

Жалпы алғанда негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып, конкурсты сатып алудың тәсілі ыңғайлы тәсіл болуы тиіс және әлемдік тәжірибеде де жиі қолданылуда. Ондай келісім түрі құрамына 28 мемлекет кіретін Еуропалық Одақтың мемлекеттік сатып алу заңнамасында да қарастырылған[3] және кеңінен қолданылады.

Әрине, бұл елдердегі негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып конкурс өткізу тәсілінің кемшіліктерінің бар екендігін алға тартушылар да жоқ емес, әсіресе конкурстың ашықтығына байланысты сын бар [2].

Ал елімізде нақты мұндай мәселенің әлі көтеріле қоймағаны белгілі, оған себеп еліміздегі сатып алудың бұл әдісі сатып алудың санаулы түрлерінде ғана қолданылуы болуы мүмкін. Еуропа мемлекеттерінен қарағанда елімізде сатып алудың бұл әдісі сатып алудың бірнеше түрлерінде, нақтырақ айтсақ тек байланыс орнату бойынша қызметтер мен жанармай сатып алу кезінде ғана қолданылады.

Жалпы заң шығарушымен негіздемелік келісім пайдаланылатын конкурс немесе рейтингтік-балдық жүйені пайдалануды мемлекеттік сатып алуда қолдануды енгізу себептері түсінікті. Бірінші кезекте аталған өзгерістер сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған, екіншіден жүйенің ыңғайлы болуы үшін енгізіліп отыр. Алайда, аталған өзгерістер тәжірибеде қолдану барысында қолданушыларға жоғарыда аталған қиындықтарды тудыруда.

*Ұсыныс.* Тәжірибе көрсеткендей, қазіргі уақытта негіздемелік келісімдерді қолданатын конкурс түрі толығымен аяқталмаған және жетілдіруді қажет етеді. Уәкілетті мемлекеттік органға бар кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралар алгоритмін әзірлеуді, атап айтқанда, елдің облыстарында оның нақты функциялары мен міндеттерін айқындай отырып, мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушыларын құруды, сонымен қатар мемлекеттік сатып алу порталына негіздемелік келісімдерді таңдауға мүмкіндік беретін пәрменді тетікті енгізуді ұсынамыз.

2. Рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып, конкурс түрінде сатып алудың жаңа тәсілі енгізілді. Сатып алудың бұл тәсілі өнім берушіні айқындау кезінде конкурстық комиссияның қатысуын толығымен жояды. «Рейтингтік-балдық жүйе пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 18 қаңтардағы №46 бұйрығына[4] сәйкес сатып алудың бұл тәсілі келесі сатып алулар үшін қолданылады:

а) құрылыс-монтаждау жұмыстары;

ә) жобалау жұмыстары.

Осы тәсілмен сатып алуды өткізу кезінде конкурс жеңімпазы тиісті балдар негізінде мемлекеттік сатып алу веб-порталымен автоматты түрде айқындалатын болады. Мысалы, өнім берушінің балдарын айқындау үшін конкурстың тиісті пәні бойынша жұмыс тәжірибесі, қаржылық тұрақтылықтың жоғары көрсеткіші, әлеуетті өнім беруші ұсынған кепілдіктің ұзағырақ мерзімі, өнім берушінің бұрын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінде болуы, шарттар бойынша мерзімі өткен және тұрақсыздық айыбы және тағы басқа деректер ескерілетін болады. Мемлекеттік органдардың ақпараттық базаларына интеграцияланған өнім берушінің деректері өлшемді

[3] Directive 2014/24/EU of the European parliament and of the Council of 26 February 2014 on public procurement and repealing Directive 2004/18/EC [Electronic resource] – Access mode: https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=CELEX%3A02014L0024-20200101 (Access data: 20.12.2022).

[4] Рейтингтік-балдық жүйе пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 ж. 18 қаңтардағы №46 бұйрығы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026605 (жүгінген күні: 18.12.2022).

анықтаудағы негізгі құрал болып табылады.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету шеңберінде енгізіліп отырған бұл рейтингтік-балдық жүйе нәтижелі болуы тиіс деп санаймыз. Бұл жүйе адамның мемлекеттік сатып алу процесіне қатысуын толығымен жою үшін енгізілді және солай атқарылуда. Электрондық сатып алулардың барлық жерде интеграциялануының арқасында веб-портал әлеуетті өнім берушілерге автоматты түрде тиісті рейтингтер беруі шын мәнінде жемқорлық тәуекелдерін төмендетуде. Бұл баға мен сапа критерийлерін біріктіре отырып, жеткізушіні автоматты түрде таңдауға көшуге мүмкіндік беруі тиіс.

3. Осы мақала барысында назар аударғымыз келіп отырған тағы бір мәселе – 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген электрондық дүкен арқылы сатып алу әдісі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» заңда берілген анықтамаға сүйенсек электрондық дүкен – мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор айқындаған, мемлекеттік сатып алу веб-порталымен интеграцияланған, уәкілетті орган айқындайтын талаптарға сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілер тауарлар мен олардың бағалары туралы ақпаратты орналастыратын бірыңғай ақпараттық жүйе[5].

Сатып алудың бұл әдісі тапсырыс берушіге белгілі бір сипаттамалары бар қажетті өнімді өз бетінше таңдауға құқық береді. Сонымен қатар сатып алудың бұл әдісі уақыт үнемдеу жағынан ыңғайлы, әлеуетті өнім беруші тапсырыс беруші хабарлама жіберген сәттен бастап үш сағат ішінде өзінің келісімін береді, содан кейін мемлекеттік сатып алу веб-порталында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалады.

Мемлекеттің цифрландыру саясатын ескере отырып, сондай-ақ электрондық коммерцияның дамуы жағдайында бұл әдістің енгізілуі өте өзекті және уақытылы деп санаймыз. Электрондық дүкенді енгізудің артықшылығы онлайн-режимде сауда жасау мүмкіндігімен қоса:

- коммерциялық ұсыныстарды ұсыну қажеттілігін жояды, себебі бағалар электрондық дүкенде кез келген уақытта тіркеледі;
- жеткізушіні таңдау процесін едәуір жеделдетеді: тапсырысты ресімдеу және растау бір күн ішінде онлайн режимінде жүзеге асырылады;
- бір көздің көлемін азайтады, нарықта ашық бәсекелестік қалыптасу есебінен бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік береді;
- жеткізу жылдамдығын арттыруы болып табылады.

Алайда, тәжірибеде бұл әдістің бір үлкен кемшілігі бар, атап айтқанда электрондық дүкендегі ұсынылатын тауарлардың аздығы. Тауарлар тізімінің тым аздығы дүкенді толыққанды іске қосуға мүмкіндік бермей отыр.

Тағы бір айта кетуіміз қажет нәрсе – 2021 жылғы 15 қарашадағы өзгеріске дейін заңның 38-бабының 2-тармағы 4) тармақшасына сәйкес тапсырыс беруші орналастырылатын ақпаратта тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттер, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, тауардың шығарылған жерінің атауы және өндірушінің атауы, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларын көрсетуге құқылы болатын. Қазіргі редакцияда ондай құқық жоқ, тармақша алынып тасталды.

Бұл өзгеріс сапасыз тауарларды сатып алу қаупін жоғарылатқан болатын, ол туралы алдыңғы зерттеулерде жазған болатынбыз [1]. Ал электронды дүкен арқылы сатып алу әдісі бұл мәселені ішінара шешті деуге болады. Ішінара ғана мәселені шешу себебі «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығында бекітілгендей электронды дүкен арқылы

[5] Мемлекеттік сатып алу туралы: Қазақстан Республикасының 2015 ж. 4 желтоқсандағы №434-V Заңы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000434 (жүгінген күні: 20.12.2022).

мемлекеттік сатып алу құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспайтын тауарлар бойынша ғана жүзеге асырылуында болып отыр[6].

*Ұсыныс.* Осы мәселені шешу үшін уәкілетті орган жеткізушілердің өз тауарларын электронды дүкен каталогына енгізу мақсатында кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп жоспарлы жұмыс жүргізіп, механизмі жетілдірілуі қажет.

Жоғарыда аталған мәселелер негізінде Қазақстан Республикасы заңының тиімділігіне арналған зерттеулерінде мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган заң шығару процесіне мұқият қарау, заңнамаға ұсынылатын өзгерістерді толыққанды дәлелдеу, жеткілікті негіздемелер келтіру қажет деген қорытынды жасауға болады. Ондай мәселелердің және өзге де заңнамалық қарама-қайшылықтардың бар екендігін осы саланы зерттеп жүрген отандық ғалымдар да атап келеді [3].

Осындай қорытындыны «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының тиімділігіне талдау жүргізген Қазақстан Республикасы заңнама және құқықтық ақпарат институтының сарапшылар құрамы да жасаған. Мақала авторлары заңнамадағы кемшіліктермен қатар енгізілген жаңа нормалардың тым аз уақыт ішінде қайта өзгертуге ұшырауы жиі кездесетіні және ол жағымсыз процесс екенін атап өтеді. Авторлардың пікірінше енгізілген нормалар өз мақсатына жетпей қайта өзгеріске ұшырайды, сол себепті тиімділік нәтижесі төмен болуы мүмкін деген қорытынды жасалынған [4].

Отандық экономист ғалымдар қазіргі интеграциялық үдерістер жағдайында Еуразиялық экономикалық кеңістік (ЕЭК) шеңберінде жаңа нарықтарды игеру, отандық жеткізушілердің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, жемқорлық көріністердің орын алуын төмендету мақсатында мемлекеттік сатып алу аясындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру бойынша жүйелі түрде жұмыстар жүргізіліп, бейіндік заңға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жатқанын атай келе, жүйенің кем тұстары бар екендігін атап келеді. Ғалымдардың пікірінше мәселелердің нақты себептерін анықтап, шешу жолдарын ұсынуға, заңнамалық негіздерін жетілдіруге, «әлсіз» тұстардың болуына жол бермеу қажет. Мемлекеттік сатып алу жүйесінің жетілмеуі бюджеттік қаражаттарды пайдалану тиімділігін және мемлекеттік басқару механизмінің нәтижелілігін төмендетудегі басты себептердің бірі болып табылады [5].

Сонымен қатар мемлекеттік сатып алуды шектен тыс бюрократияландыру, шенеуніктерді үнемдеуге және оларды «бюрократиялық қауіпсіздікті» қалауына итермелеу Мемлекеттік сатып алудың тиімділігіне қолжеткізудегі негізгі кедергілердің бірі болып табылады [6].

*Қорытынды.* Мемлекеттік сатып алу жүйесінің жемқорлыққа қарсы төтеп бере алатын, қолданыста ыңғайлы, неғұрлым ашықтықты қамтамасыз етуге қолжеткізетін жүйе қалыптастыру мақсатында жүргізіліп жатқан заңдарды өзгерту тәжірибесінің тиімділігін зерттеу осы мақала барысында жалғасын тапты.

Өзгерістердің күрделілігіне, ұзақтау мерзімге бақылауды қажет етуіне және кейбірінің күшіне ену уақыттары заң қабылдану уақытынан кейінірек қарастырылуына байланысты өзгерістерді зерттеу әрі қарай жалғастырылып, тәжірибеде жүзеге асырудың өзекті болып отырған сұрақтарын талқылау мақала барысында мүмкін болды. Нақтырақ айтсақ, мемлекеттік сатып алуда негіздемелік келісімдерді, рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып конкурсты сатып алудың жаңа тәсілдерін енгізу, электрондық дүкен арқылы сатып алу әдісін қолданысқа енгізудің артықшылықтары мен қолданысқа енгізуде туындап отырған мәселелер қарастырылды.

Тәжірибе көрсеткендей, қазіргі уақытта негіздемелік келісімдерді қолданатын конкурс түрі толығымен аяқталмаған және жетілдіруді қажет етеді. Ал, электрондық

[6] Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 ж. 11 желтоқсандағы №648 бұйрығы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012590 (жүгінген күні: 20.12.2022).

дүкендегі ұсынылатын тауарлардың аздығы оны толыққанды іске қосуға мүмкіндік бермей отыр. Мәселені шешу үшін уәкілетті орган жеткізушілердің өз тауарларын электронды дүкен каталогына енгізу мақсатында кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп жоспарлы жұмыс жүргізіп, механизм жетілдірілуі қажет.

Мақалада берілген ұсыныстардың тәжірибеде ескерілуі, көтерілген мәселелердің шешімін табуы мемлекеттік сатып алу процесін жүргізуде оң нәтиже беруі тиіс, ол жүйенің мүмкіндіктерін, оның толық әлеуетін іске асыруға және сатып алу бюджетін тиімдірек пайдалануды қамтамасыз етуге көмегін тигізетініне сенеміміз мол.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Ибрагимова, Ф.Г. 2021 жылдың 15 қарашасында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңына енгізілген өзгерістердің іс жүзінде жүзеге асырылуының кейбір сұрақтары / Ф.Г. Ибрагимова, Е.М. Айтқазин, Н.О. Байжуманов // Құқық қорғау органдары академиясының жаршысы. – 2022. – №2(24). – 75-83 бб.
2. Andrecka, M. Dealing with legal loopholes and uncertainties within EU public procurement law regarding framework agreements / M. Andrecka // Journal of public procurement. – 2016. – №16(4). – pp. 505-527.
3. Кысыкова, Г.Б. Некоторые вопросы реализации законодательства участниками государственных закупок / Г.Б. Кысыкова, К.Г. Бауржанова // Вестник Института законодательства Республики Казахстан. – 2016. – №4(45). – С. 180-187.
4. Киязова, А.Ж. К вопросу об эффективности закона Республики Казахстан «О государственных закупках» (результат альтернативного мониторинга НПА) / А.Ж. Киязова, А.Г. Казбаева // Құқық қорғау органдары академиясының жаршысы. – 2022. – №1(23). – С. 72-82.
5. Елшібаев, Р.Қ. Казақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу нарығының тиімділігін арттыру жолдары / Р.Қ. Елшібаев, С.А. Кожабаева, Б.Т. Бейсенгалиев // Central Asian Economic Review. – 2021. – №3. – 77-89 бб.
6. Nemec, J. Over-bureaucratisation in public procurement: purposes and results? / J. Nemec, M. Grega, M. Orviska // Public Sector Economics. – 2020. – №2. – pp. 44.


**References:**


1. Ibragimova, F.G. 2021 zhyldyң 15 қarashasynda «Memlekettik satyp alu turaly» Қazaқstan Respublikasynyң zaңyna engizilgen өzgeristerdiң is zhүzinde zhүzege asyryluynyң kejbir sұraқtary / F.G. Ibragimova, E.M. Ajtқazin, N.O. Bajzhumanov // Құқық қorғau organdary akademijasynyң zharshysy. – 2022. – №2(24). – 75-83 bb.
2. Andrecka, M. Dealing with legal loopholes and uncertainties within EU public procurement law regarding framework agreements / M. Andrecka // Journal of public procurement. – 2016. – №16(4). – pp. 505-527.
3. Kysykova, G.B. Nekotorye voprosy realizacii zakonodatel'stva uchastnikami gosudarstvennyh zakupok / G.B. Kysykova, K.G. Baurzhanova // Vestnik Instituta zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan. – 2016. – №4(45). – S. 180-187.
4. Kijazova, A.Zh. K voprosu ob jeffektivnosti zakona Respubliki Kazahstan «O gosudarstvennyh zakupkah» (rezul'tat al'ternativnogo monitoringa NPA) / A.Zh. Kijazova, A.G. Kazbaeva // Құқық қorғau organdary akademijasynyң zharshysy. – 2022. – №1(23). – S. 72-82.
5. Elshibaev, R.Қ. Kazaқstan Respublikasynyң memlekettik satyp alu naryғynyң tiimdiligin arttyru zholdary / R.Қ. Elshibaev, S.A. Kozhabaeva, B.T. Bejsengaliev // Central Asian Economic Review. – 2021. – №3. – 77-89 bb.
6. Nemec, J. Over-bureaucratisation in public procurement: purposes and results? / J. Nemec, M. Grega, M. Orviska // Public Sector Economics. – 2020. – №2. – pp. 44.

## АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT AUTHORS

**Флюра Галимовна Ибрагимова** – Alikhan Bokeikhan University азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты, e-mail: flura.77@mail.ru.

**Ибрагимова Флюра Галимовна** – заведующая кафедрой гражданско-правовых дисциплин Alikhan Bokeikhan University, кандидат юридических наук, e-mail: flura.77@mail.ru.

**Ibragimova Flura Galimovna** – Head of the Department of Civil Law Disciplines of Alikhan Bokeikhan University, Candidate of Law, e-mail: flura.77@mail.ru.

**Ерлан Майданұлы Айтқазин** – Alikhan Bokeikhan University азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, құқық магистрі, e-mail: aytkazin1805@mail.ru.

**Айтказин Ерлан Майданулы** – старший преподаватель кафедры гражданско-правовых дисциплин Alikhan Bokeikhan University, магистр права, e-mail: aytkazin1805@mail.ru.

**Aytkazin Yerlan Maydanuly** – Senior Lecturer of the Department of Civil Law Disciplines of Alikhan Bokeikhan University, Master of Law, e-mail: aytkazin1805@mail.ru.

**Нұрлан Оразбекұлы Байжұманов** – «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватының заң кеңесшісі, заң ғылымдарының магистрі, e-mail: baizhumanov_nur@mail.ru.

**Байжуманов Нурлан Оразбекович** – юрисконсульт государственного лесного природного резервата «Семей орманы», магистр юридических наук, e-mail: baizhumanov_nur@mail.ru.

**Baizhumanov Nurlan Orazbekovich** – Legal Adviser «Semey Ormany» State Forest Nature Reserve, Master of Law, e-mail: baizhumanov_nur@mail.ru.

**УДК 347.61/.64**
**МРНТИ 10.47.41**

**Д.Б. Алшымбек[1], И.Ю. Остапович[2]**
*[1]Alikhan Bokeikhan University, г. Семей, Республика Казахстан*
*[2]Уральский государственный юридический университет имени В.Ф. Яковлева, г. Екатеринбург, Российская Федерация*

# ОСПАРИВАНИЕ ОТЦОВСТВА: ПРОБЛЕМНЫЕ ВОПРОСЫ ЗАЩИТЫ ПРАВ СУБЪЕКТОВ СЕМЕЙНЫХ ПРАВООТНОШЕНИЙ

**Аннотация.** В статье проводится исследование теоретических и практических вопросов оспаривания отцовства.

Авторами высказывается сомнение о целесообразности применения презумпции отцовства к отношениям, регулируемым пунктом 3 статьи 47 кодекса Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье».

В ходе исследования проводится взаимосвязь между нарушением прав ребенка и ограничением возможности оспаривания отцовства в соответствие с пунктом 1 статьи 51 вышеупомянутого кодекса.

На основании изучения действующего законодательства, судебной практики формулируется мнение о неприменимости процедуры медиации к делам об оспаривании отцовства.

Авторы затрагивают проблему вовлеченного отцовства в семейных отношениях, ставят вопрос о необходимости корректировки действующего законодательства об усилении работы по пропаганде семейных ценностей и осознанности социальной роли родителя.

**Ключевые слова:** оспаривание отцовства; признание отцовства; презумпция отцовства; вовлеченное отцовство; вынужденное отцовство; медиация; происхождение ребенка; семья; родитель; суд.

**Д.Б. Алшымбек[1], И.Ю. Остапович[2]**
*[1]Alikhan Bokeikhan University, Семей қ., Қазақстан Республикасы*
*[2]В.Ф. Яковлев атындағы Орал мемлекеттік заң университеті Екатеринбург қ., Ресей Федерациясы*

# ӘКЕ БОЛУДЫ ДАУЛАУ: ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Аннотация.** Мақалада әке болуды даулаудың теориялық және практикалық мәселелері зерттелген.

Авторлар «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 47-бабы 3-тармағымен реттелетін қатынастарға әке болу презумпциясын қолданудың орындылығына күмән келтіріледі.

Зерттеу барысында жоғарыда аталған Кодекстің 51-бабының 1-тармағына сәйкес бала құқықтарының бұзылуы мен әке болуға дауласу мүмкіндігін шектеу арасындағы өзара байланыс жүргізіледі.

Қолданыстағы заңнаманы, сот практикасын зерделеу негізінде медиация рәсімінің әке болуды даулау туралы істерге қолданылмайтындығы туралы пікір тұжырымдалады.

Авторлар отбасылық қатынастардағы әке болудың өзекті мәселесін, қолданыстағы заңнаманы түзету қажеттілігі туралы, отбасылық құндылықтарды насихаттау және ата-ананың әлеуметтік рөлін арттыруға қатысты мәселелерді қозғайды.

**Түйінді сөздер:** әке болуды даулау; әке болуды тану; әке болу презумпциясы; қатысқан әке болу; мәжбүрлі әке болу; медиация; баланың шығу тегі; отбасы; ата-ана; сот.

**D.B. Alshymbek[1], I.Y. Ostapovich[2]**
*[1]Alikhan Bokeikhan University, Semey c., the Republic of Kazakhstan*
*[2]Ural State Law University named after V.F. Yakovlev, Yekaterinburg c., the Russian Federation*

# CHALLENGING PATERNITY: PROBLEMS OF PROTECTION OF THE RIGHTS OF SUBJECTS OF FAMILY RELATIONSHIPS

**Abstract.** The article investigates theoretical and practical issues of challenging paternity.

The authors expresses doubts about the application of the presumption of paternity to relations regulated by clause 3 of article 47 of the Code of the Republic of Kazakhstan «On marriage (matrimony) and family».

The authors draws a relationship between the violation of the rights of the child and the limitation of the possibility of challenging paternity under paragraph 1 of Article 51 of the Code of the Republic of Kazakhstan «On marriage (matrimony) and the family».

The article formulates an opinion on the inapplicability of the mediation procedure to contest paternity.

The authors touches upon the problem of involved fatherhood, strengthening the work to promote family values and awareness of the social role of the parent.

**Keywords:** contesting paternity; acknowledging paternity; presumption of paternity; involved paternity; forced paternity; mediation; the origin of the child; family; parent; court.

DOI: 10.52425/25187252_2023_27_26

*Введение.* Правовой механизм оспаривания отцовства обладает бесспорной значимостью в современных условиях общества и обусловлен особой социальной ролью института отцовства как составного элемента диалога поколений [1, 25 стр.].

Указанной теме в отечественной науке не уделяется достаточного внимания. Как правило, глубокому анализу подвергаются имущественные, алиментные правоотношения, вопросы заключения и прекращения брака, усыновления и т.д.

Вместе с тем, несомненную важность представляют проблемы реализации прав родителями, особенно в тех отношениях, где неравенство субъектов носит ярко выраженный характер и предопределяется физиологическими особенностями мужчины и женщины.

По мнению авторов настоящего исследования, правовые положения оспаривания отцовства, впрочем, как и его установления, имеют множество проблем научного и практического характера, что как закономерность, влечет серьезные нарушения интересов детей и родителей, посягают в целом на благополучие семейных правоотношений.

*Материалы и методология.* Основу исследования составляют нормы действующего законодательства Республики Казахстан (далее – РК), научные труды казахстанских и зарубежных ученых.

Базовым методом исследования выступил *метод правового анализа.* С его помощью выявлены сущность и тенденции развития правовой системы РК, критерии её эффективности.

Метод правового анализа послужил исходной позицией для *метода прогнозирования,* позволившего на основе анализа ретроспективных исходных данных, сформулировать суждения определенной достоверности относительно будущего развития семейно-правовых отношений через призму института оспаривания отцовства.

Обозначенный метод стал основой для *правового моделирования,* с помощью которого авторами получена возможность спроектировать желаемую модель механизма разрешения споров по делам об оспаривании отцовства, которая позволит обеспечить защиту интересов всех членов семьи.

*Результаты и их обсуждение.* Правовая связь между родителями и детьми основывается на удостоверенном факте происхождения детей, под которым понимается обстоятельство рождения ребенка у конкретных матери и отца.

В силу физиологических особенностей человека, факт материнства, по сути, не вызывает особых проблем, в отличие от отцовства, которое изначально выступает лишь предположением, в связи с чем нередки случаи, когда произведенная запись об отце отличается от фактического происхождения ребенка. В связи с этим у мужчины возникает потребность оспорить данный факт, с целью прекращения либо установления правовой связи между родителем и ребенком.

В соответствии с пунктом 1 статьи 51 Кодекса РК от 26 декабря 2011 года №518-IV «О браке (супружестве) и семье» (далее – КоБ(с)С РК) запись родителей в книге записей актов о рождении может быть оспорена только в судебном порядке по требованию лица, записанного в качестве отца или матери ребенка, лица, фактически являющегося отцом или матерью ребенка, самого ребенка по достижении им совершеннолетия, опекуна или попечителя ребенка, опекуна родителя, признанного судом недееспособным[1].

Несомненно, что закрепление судебного порядка процедуры оспаривания отцовства выступает гарантом защиты семьи, материнства, отцовства и детства, провозглашенным в пункте 1 статьи 27 Конституции РК[2]. Однако в обыденной жизни в этой сфере возникают многочисленные трудности, порождающие правовые проблемы и коллизии.

*Проблемные вопросы оспаривания отцовства, установленного на основании презумпции отцовства.* Презумпция отцовства содержится в пункте 2 статьи 47 КоБ(с)С РК и закрепляет, что происхождение ребенка от лиц, состоящих в браке (супружестве) между собой, подтверждается свидетельством о заключении брака (супружества) родителей[3]. Иными словами, отцом ребенка признается супруг матери ребенка.

А.Г. Диденко рассматривает презумпцию с наиболее распространенного в науке взгляда, как на предположение, основанное на вероятности. По мнению ученого «высокая вероятность существования (или отсутствия) того или иного факта – наиболее надежный ориентир для законодателя, стремящегося определить своими правилами лучшие пути к поиску и установлению истины. Для большинства презумпций такой взгляд соответствует действительности. Но у законодателя могут быть и иные веские мотивы для установления какой-либо презумпции. Это могут быть соображения, связанные с определенными законодательными удобствами, экономической разумности и др.» [2].

Таким образом, презумпция представляет собой предположение, не подлежащее доказыванию в силу типичности ситуации. Такое предположение считается истинным, поскольку (пока) не доказана его ложность.

Ученые усматривают в презумпции отцовства очевидно положительный принцип семейного права, благодаря которому не требуется дополнительной процедуры установления отцовства при регистрации ребенка [3, 81 стр.].

Презумпция отцовства выполняет следующие задачи:

1) охрану интересов матери ребенка, поскольку факт того, что на момент рождения ребенка родители состоят в законном браке, является достаточным для установления отцовства в отношении супруга матери ребенка;

2) защиту интересов ребенка путем упрощения процедуры регистрации его рождения.

Обращаясь к истории, отметим, что презумпция отцовства уходит своими корнями в римское частное право, когда отцовская власть устанавливалась над детьми, рожденными в законном римском браке. Именно поэтому, названная презумпция была сформулирована римскими юристами в виде формулы «pate

[1] О браке (супружестве) и семье: кодекс Республики Казахстан от 26 дек. 2011 г. №518-IV (с изм. и доп. по сост. на 14.07.2022 г.) [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31102748&pos=787;-26#pos=787;-26 (дата обращения: 25.01.2023).

[2] Конституция Республики Казахстан: принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 г. (с изм. и доп. по сост. на 19.09.2022 г.) [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1005029&pos=264;-3#pos=264;-3 (дата обращения: 25.01.2023).

[3] О браке (супружестве) и семье: кодекс Республики Казахстан от 26 дек. 2011 г. №518-IV (с изм. и доп. по сост. на 14.07.2022 г.) [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31102748&pos=787;-26#pos=787;-26 (дата обращения: 25.01.2023).

rest guem nupitae demonstrant», что означает: «тот отец, на кого указывает брак». Мужчине только оставалось требовать от жены супружеской верности, чтобы его социальное отцовство совпало с биологическим [4].

Исторически сложившаяся позиция сохранена в действующем законодательстве многих государств, в том числе и Казахстана. Помимо этого, данная презумпция получила пролонгацию в норме пункта 3 статьи 47 КоБ(с)С РК, предусматривающей, что в случае рождения ребенка в течение двухсот восьмидесяти дней с момента расторжения брака (супружества), признания его недействительным или с момента смерти супруга матери ребенка, отцом ребенка может быть признан бывший супруг матери, если не доказано иное[4].

Указанная норма также предназначена для защиты интересов матери и ребенка, однако вопрос обеспечения интересов бывшего супруга является дискуссионным. Авторы считают ошибочным признавать фактом с высокой степенью вероятности рождение ребенка от бывшего супруга матери ребенка, если роды произошли в течение двухсот восьмидесяти дней с момента официального прекращения брачных отношений по указанным в пункте 3 статьи 47 КоБ(с)С РК основаниям. Данная вероятность еще больше теряет свою типичность в силу имеющихся судебных решений, посредством которых даже нахождение лиц в зарегистрированном браке, не выступает гарантом зачатия ребенка матерью от своего супруга.

К примеру, гр. Қ. и гр. Ш. состояли в зарегистрированном браке с 2013 года и по ноябрь 2016 года проживали совместно. Брачные отношения супруги фактически прекратили с ноября 2016 года и с этого времени проживали раздельно. В этот период у Қ. родился ребенок Р., о чем отделом регистрации актов гражданского состояния совершена актовая запись от 20 марта 2018 года.

В связи с тем, что на момент совершения данной записи стороны состояли в зарегистрированном браке, гр. Ш. был указан в качестве отца ребенка, не являясь его биологическим родителем.

Это обстоятельство подтверждается тем, что с ноября 2016 года между гр. Қ. и гр. Ш. прекращена семейная и супружеская жизнь. Брак между ними расторгнут 04 ноября 2020 года. Гр. Ш. обратился в суд с просьбой исключить сведения об отце из актовой записи о рождении ребенка[5].

В судебном решении Костанайского городского суда Костанайской области от 01 ноября 2022 года, установлено, что гр. М., будучи в браке с гр. П. родила сына, биологическим отцом которого является гр. А. При оформлении свидетельства о рождении сына, т.к. на тот момент ее брачные отношения с гр. П. не были расторгнуты, отцом ребенка был указан супруг[6].

Такие случаи являются весьма распространенными в жизни. Ребенок, рожденный в период действия презумпции отцовства, может быть зачат посредством измены либо беспорядочных половых связей, а также в период раздельного проживания. Для обозначения подобных казусов в теории права сформулирован термин «вынужденное юридическое отцовство» [5, 431 стр.].

Считаем, что необходимо переосмыслить многие исторически устоявшиеся традиции, учесть современный взгляд на привычные ценности, возросший уровень сексуальной раскрепощённости в обществе, популярность свободных отношений и т.д.

Проявляя убежденность в том, что максимальную защиту интересов членов семьи в силах обеспечить лишь условие, при котором юридически установленные семейные правоотношения соответствуют фактическим, авторы считают, что целесообразнее отказаться от пределов

[4] О браке (супружестве) и семье: кодекс Республики Казахстан от 26 дек. 2011 г. №518-IV (с изм. и доп. по сост. на 14.07.2022 г.) [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31102748&pos=787;-26#pos=787;-26 (дата обращения: 25.01.2023).

[5] Решение Районного суда №2 Акжаикского района Западно-Казахстанской области по делу №2733-21-00-2/76 от 03 февраля 2022 года [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://office.sud.kz/courtActs/document.xhtml?ysclid=le8iamp41c107923292 (дата обращения: 25.01.2023).

[6] Решение Костанайского городского суда Костанайской области по делу №3910-22-00-2/4178 от 01 ноября 2022 года [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://office.sud.kz/courtActs/document.xhtml?ysclid=le8i7h80x4145975899 (дата обращения: 27.01.2023).

действия презумпции отцовства и применять к данным казусам правила пункта 5 статьи 47, статьи 48, статьи 49 КоБ(с)С РК[7].

*Проблемные вопросы ограничения оспаривания отцовства.* Согласно пункта 1 статьи 51 КоБ(с)С РК заявление об оспаривании отцовства вправе подать лицо, записанное в качестве отца. При этом требование лица, записанного отцом ребенка на основании совместного заявления отца и матери, по заявлению отца ребенка или согласно решению суда об отмене отцовства, не может быть удовлетворено, если в момент записи этому лицу было известно, что оно фактически не является отцом ребенка (п. 2 ст. 51 КоБ(с)С РК)[8].

В то же время, пункт 15 нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 29 ноября 2018 года №16 «О применении судами законодательства при рассмотрении дел, связанных с установлением происхождения ребенка» (далее – Нормативное постановление), уточняет, что лицо, записанное в качестве отца ребенка, вправе предоставить доказательства, что в момент производства записи об отцовстве он находился под влиянием угроз, насилия либо в состоянии, когда отсутствовала возможность понимать значение своих действий или руководить ими. В таком случае он вправе оспорить произведенную запись по мотивам нарушения волеизъявления[9].

На первый взгляд, норма пункта 2 статьи 51 КоБ(с)С РК призвана защитить интересы ребенка, в отношении которого устанавливалось отцовство. С другой стороны, данное положение устанавливает преимущество формального (юридического) родства над кровным (биологическим), что не совсем верно.

Прежде всего, родство выступает юридически значимым фактом для целого ряда правоотношений. Так, к примеру статья 11 КоБ(с)С РК устанавливает запрет на заключение брака между близкими родственниками; статья 26, пункт 2 статьи 66 КоБ(с)С РК регламентирует право родителей распоряжаться доходами, причитающимися ребенку[10]; статья 1061 Гражданского кодекса РК включает родителей и детей в первую очередь наследников по закону[11]; статья 31 Трудового кодекса РК обязует родителей подписывать трудовой договор наряду с несовершеннолетним ребенком[12] и т.д. Значительным объемом правомочий обладает родитель в рамках предоставления различных согласий на участие детей в правовых отношениях.

Следует иметь в виду, что правам родителей корреспондируют соответствующие обязанности, неисполнение которых порождает для обладателя прав определенные неблагоприятные правовые последствия [6].

В связи с этим, авторами ставится под сомнение верность позиции законодателя в ограничении возможности мужчины оспаривать свое отцовство в соответствии с пунктом 2 статьи 51 КоБ(с)С РК.

Помимо этого, выскажем уверенность о невозможности поддерживать гармоничные отношения в случаях, когда отец ребенка, не являясь биологическим родителем, проявляет нежелание им считаться в дальнейшем. Вынужденное отцовство, вполне вероятно, отразится губительно на отношениях между родителем и ребенком, что опасно возможностью возникновения безразличия, агрессии либо противоправных действий в семье.

Следует понимать, что установленное

[7] О браке (супружестве) и семье: кодекс Республики Казахстан от 26 дек. 2011 г. №518-IV (с изм. и доп. по сост. на 14.07.2022 г.) [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31102748&pos=787;-26#pos=787;-26 (дата обращения: 25.01.2023).

[8] Там же.

[9] О применении судами законодательства при рассмотрении дел, связанных с установлением происхождения ребенка: нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 29 нояб. 2018 г. №16 [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P180000016S (дата обращения: 25.01.2023).

[10] О браке (супружестве) и семье: кодекс Республики Казахстан от 26 дек. 2011 г. №518-IV (с изм. и доп. по сост. на 14.07.2022 г.) [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31102748&pos=787;-26#pos=787;-26 (дата обращения: 25.01.2023).

[11] Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть): от 1 июля 1999 г. №409-I (с изм. и доп. по сост. на 12.01.2023 г.) [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1013880 (дата обращения: 25.01.2023).

[12] Трудовой кодекс Республики Казахстан: от 23 нояб. 2015 г. №414-V (с изм. и доп. по сост. на 18.11.2022 г.) [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38910832&pos=16;-51#pos=16;-51 (дата обращения: 25.01.2023).

родство представляет и для ребенка существенное моральное обязательство, так как основной из заповедей, адресованных человеку как социальному существу, выступает то, что каждый ребенок должен с уважением и благодарностью относиться к своим родителям, в силу подаренной жизни [7].

Считаем, что оспаривание отцовства относится к юрисдикционной форме защиты семейных прав, направленной на прекращение правоотношения [8, 54 стр.]. В связи с этим судам надлежит допускать подобные заявления к судебному разбирательству, при этом в каждом конкретном случае следует выяснять причины, послужившие основанием для признания такого отцовства. Если в основе признания отцовства лежат обстоятельства, выступающие основанием для возникновения каких-либо иных правоотношений, необходимо ставить вопрос об их недействительности. К примеру, если лицо заявило о признании отцовства в целях получения жилищных льгот, социальных пособий, снижения размера алиментов и т.д., суд должен инициировать признание таких благ незаконными. В связи с этим, авторы рекомендуют внести соответствующее изменение в статье 51 КоБ(с)С РК, а также дополнить содержание нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 29 ноября 2018 года №16.

В рамках рассматриваемой проблематики исследовательский интерес вызывает категория «вовлеченного отцовства». Несомненно, что укрепление института отцовства в современном обществе выступает не менее приоритетной задачей в соотношении с институтом материнства, в силу того, что для всестороннего обеспечения интересов ребенка важно участие в его воспитании обоих родителей. В то же время гармоничные отношения возможно выстроить лишь при осознанном подходе к родительству и установки на вовлеченное отцовство, что способствует укреплению позитивных эмоциональных связей в семье и усилению роли отца [9, 181 стр.].

халықаралық құқықтық құжат болып табылады. Конвенцияда мүгедектердің құқықтарын көтермелеу, қорғау және қамтамасыз ету нормалары бар, оларды мемлекеттер орындауға міндеттенеді. Конвенция мемлекеттерге мүгедектерге қатысты кемсітушілікке жол бермеу қажеттілігін түсіндіріп қана қоймайды, сонымен қатар мүгедектердің қоғамда нақты теңдікке қол жеткізуі үшін қолайлы жағдайлар жасау үшін мемлекеттер қабылдауы тиіс бірқатар шараларды белгілейді. Осы Конвенцияның 1-бабында «Құжатты бекітудің негізгі мақсаты азаматтарға, мүгедектерге тиесілі барлық құқықтар мен бостандықтарға ие болу, олардың құқықтарын толық және тең қамтамасыз ету, олардың туа біткен қадір-қасиетін құрметтеу болып табылады» делінген[2]. Конвенцияда мүгедектерге «әртүрлі кедергілермен өзара әрекеттесу кезінде олардың басқалармен тең негізде қоғамға толық және тиімді қатысуына кедергі келтіруі мүмкін ұзақ мерзімді физикалық, психикалық, интеллектуалдық немесе сенсорлық бұзылыстары бар адамдарды» жатқызады[3]. Көріп отырғанымыздай, Конвенцияда берілген анықтама мүгедектердің осалдығын айтып қана қоймайды, сонымен қатар мемлекет пен қоғамның алдына олардың толыққанды өмір сүруі үшін «әртүрлі кедергілерді» жою бойынша жұмыс істеу міндеттерін қояды. Мүгедектердің құқықтарын жүзеге асырудағы бұл кешенді тәсілді барлық елдерде тәжірибеге енгізу қажет.

*Әдістер мен материалдар.* Зерттеудің әдіснамалық негізін заң ғылымындағы танымның жалпы ғылыми логикалық, диалектикалық әдістері, арнайы заңды әдістің формальды құқықтық түрі құрайды. Зерттеу барысында құзыретті органдардың берген статистикалық мәліметтері қолданылды.

*Негізгі бөлім.* 2015 жылы 20 ақпанда Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенциясын ратификациялаған сәттен бастап, елімізде мүгедек жандардың құқықтары заң жүзінде белгіленіп қана қоймай оларды жүзеге асыру жолында бірқатар шаралар іске асырылды. Соңғы жылдары елімізде Конвенцияның ережелерін мүмкіндігі шектеулі балалардың өмірінің барлық салаларына енгізу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Балалардың мүгедектігі мәселесі бүгінгі таңда жалпыұлттық сипатқа ие болды деп айтсақ артық емес. Балалардың мүддесіне сай жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатқа қарамастан Республикамызда әлі де болса шешілмеген мәселелер жетерлік [2, 101 б.].

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы статистикалық мәліметтеріне сүйенетін болсақ, елімізде 18 жасқа дейінгі мүгедек балалардың саны – 98 254, оның ішінде Атырау облысында – 3 922, Қызылорда облысында – 5 513, Түркістан облысында – 14 883, Шығыс Қазақстан облысында – 5 593, Қостанай облысында – 3 231, Алматы қаласында – 7 841, Ақмола облысында – 3 077, Жамбыл облысында – 6 658, Маңғыстау облысында – 6 601, Астана қаласында – 7 188, Ақтөбе облысында – 4 428, Батыс Қазақстан облысында – 2 866, Павлодар облысында – 3 123, Шымкент қаласында – 6 663, Алматы облысында –8 953, Қарағанды облысында – 5 478, Солтүстік Қазақстан облысында – 2 236[4]. 2021 жылғы ресми деректер бойынша Қазақстанда 6 295 590 бала[5] болғанын ескерсек, әрбір 50-ші бала мүгедек. Денсаулығында белгілі бір проблемалары бар балалар санының өте көп болуы, мемлекет пен азаматтық қоғам назар аударуы керек мәселе.

Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі заңына сәйкес, «кемтар бала (балалар) – белгіленген

[2] Конвенция о правах инвалидов / Принята резолюцией 61/106 Генеральной Ассамблеи от 13 дек. 2006 г. [Электронный ресурс] – Режим доступа: // https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/disability.shtml (дата обращения: 29.11.2022).

[3] Сол жерде.

[4] Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm?lang=kk (жүгінген күні: 29.11.2022).

[5] Демографические характеристики / Численность детей по полу и возрасту [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://bala.stat.gov.kz/chislennost-detej-po-polu-i-vozrastu/ (дата обращения: 29.11.2022).

тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар)»[6] деген анықтама берілген.

Мүгедектікті, оның себептері мен мерзімдерін, еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу тәртібі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №44 бұйрығымен бекітілген медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу Ережесімен регламенттелген[7]. Мүгедектік еңбекке қабілеттілікті ішінара немесе толығымен шектейтін және сау адамға тән қалыпты өмір салтына кедергі келтіретін аурулары бар адамға беріледі. Мүгедектік тобын тағайындауға негіз болып табылатын ауруларға адамға әлеуметтік көмек талап етілетін ауыр жарақаттар, созылмалы аурулар және туа біткен патологиялар жатады. Жоғарыда аталған ережеге сәйкес мүгедектік берілетін аурулардың төмендегідей тізбесі көрсетілген: тірек-қимыл аппаратының аурулары; қабылдау органдарының аурулары (көру, есту); есте сақтау, зейін, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілетінің бұзылуымен байланысты психикалық аурулар; қан айналымы, ас қорыту, тыныс алу органдарының жүйелік аурулары. Мүгедектік тобын белгілеу кезінде Комиссия мүшелері мынадай параметрлерді ескереді:

- Мүгедек жанның өзін-өзі күту қабілеті немесе қабілетсіздігі;
- Тіршілік әрекетін жүзеге асыру үшін басқа адамдарға тәуелділік дәрежесі;
- Қосалқы құралдарды пайдалана отырып, өзіне-өзі қызмет көрсету қабілеті.

Мүгедектік тобын алғаннан кейін белгілі бір кезеңділігі бар адам қайта куәландырудан өтуге міндетті. Бұл процесс науқастың жағдайында жақсарулардың болуын немесе болмауын анықтауға мүмкіндік береді. Мүгедектік тобы елімізде бала 7-жасқа толған кезден бастап тағайындалады.

Қайта куәландыру 1-топтағы мүгедектер үшін 2 жылда 1 рет және 2, 3-топтағы мүгедектер үшін жыл сайын жүргізіледі. Егер сараптама комиссиясында өзгеше көрсетілмесе, мүгедек балалар 18 жасқа толғанда қайта куәландырудан өтеді[8].

Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңының 15-бабына сәйкес кемтар балалардың мынадай заңмен кепілдік берілген құқықтары бар:

1. Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдауды кепілдік түрінде тегін алуға.
2. Денсаулық сақтау субъектілерінде, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда немесе медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдерінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тегін зерттеп-қаралуға және тегін медициналық көмек алуға.
3. Дене немесе психикалық кемістіктері байқалған сәттен бастап, оның көріну дәрежесіне қарамастан, психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қорытындысына сәйкес тегін медициналық-психологиялық-педагогикалық түзеуге.
4. Медициналық айғақтамалары бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен протез-ортопедия бұйымдарымен және аяқ киіммен, арнайы қарпі бар баспа басылымдарымен, дыбыс күшейткіш аппаратурамен және сигнал бергіш құралдармен, компенсаторлық техникалық құралдармен тегін қамтамасыз етілуге.
5. Психологиялық – медициналық-педагогикалық кеңестердің қорытындысына сәйкес арнаулы білім беру ұйымдарында немесе мемлекеттік білім беру ұйымдарында тегін мектепалды және жалпы орта білім

[6] Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы: Қазақстан Республикасының 2002 ж. 11 шілдедегі №343 Заңы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_/links (жүгінген күні: 29.11.2022).

[7] Об утверждении Правил проведения медико-социальной экспертизы: приказ Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 30 янв. 2015 г. №44 [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500010589 (дата обращения: 29.11.2022).

[8] Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы: Қазақстан Республикасының 2002 ж. 11 шілдедегі №343 Заңы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_/links (жүгінген күні: 29.11.2022).

алуға.

6. Мемлекеттік білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру бағдарламалары шегінде конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім алуға.

7. Оқу бітіргеннен кейін алған біліміне және (немесе) кәсіби даярлығына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен жұмысқа орналасуға.

8. Денсаулық сақтау ұйымдарында бірінші кезекте қызмет көрсетілуіне құқығы бар.

Елімізде заңнамалық тұрғыдан мүгедек балалардың құқықтарын қамтамасыз ету механизмі қалыптасқанымен, әлемнің көптеген елдері сияқты елімізде мүгедек балалар санының жыл санап көбеюі байқалады. Мұның басты себептерінің бірі – халық денсаулығының төмендігі. Жас ұрпақтың денсаулығы көп жағдайда ұлттың репродуктивті денсаулығына байланысты. Ал бұл мәселенің ұлттық қауіпсіздік факторларының бірі ретінде де әлеуметтік маңызы зор.

Мүгедек балаларды қолдау бойынша мемлекет қабылдап жатқан шараларға қарамастан, бірқатар мәселелер іс жүзінде әлі шешілген жоқ, олардың ішінде мыналарды атап өтуге болады:

1. Қазақстан Республикасында «мүгедек, мүмкіндігі шектеулі адам, кемтар» терминдері мүгедектік мәселесіне қатысты әлеуметтік емес, тек медициналық көзқарасты білдіреді. Біріншіден, қазіргі заңнамалардағы «мүгедек, кемтар, мүмкіндігі шектеулі адам» термині мүгедек адамның басқалармен тең дәрежеде қоғам өміріне толық және тиімді қатысу мүмкіндігін шектейтін кедергілерге емес, адам ағзасының физикалық кемістіктеріне ғана назар аударады. Бұл түсіндіру мүгедектерге қатысты жалпы мемлекеттік саясатта тек медициналық көзқарастың таралуына ықпал етеді.

2. Екіншіден, «ақау», «кемтар», «кемістік», «мүгедек» «мүмкіндігі шектеулі адам» сияқты медициналық терминдерді қолдану мүгедектердің қадір-қасиетін төмендетіп, олардың ар-намысын, адамдық қасиетін кемсітіп, тұлға ретіндегі құқығын қорғау көзқарасынан гөрі қайырымдылық, аяушылық сияқты сезімдерге негізделген көзқарасты қалыптастырады.

3. Мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отырған отбасы қоғам тарапынан көптеген кедергілерге ұшырап жатады. Біздің қоғамда мүгедек адамға деген теріс пікір, оны қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қабылдамау, мүгедек баланы – болашағы бұлыңғыр адамдардың санатына жатқызу секілді теріс пікір мен мәдениет қалыптасқан. Осындай қатынасты қабылдағысы келмейтін отбасылар өкінішке орай отбасындағы мүгедек баланы қоғамнан оқшаулап ұстауға тырысады. Бұл жерде екі түрлі себеп болуы мүмкін: біріншісі – ата-ананың онсызда тағдырдан талқы көрген мүгедек баласын қоғамның талқысынан арашалағысы келуі, екіншіден, ата-ананың баласының басқа балалар секілді дені сау болып туылмағанына өздерін кінәлау сезімі, психологиялық комплекстері [3]. Себеп әрқашанда салдарды туғызатыны анық. Ата-ананың мүгедек баланы қоғамнан оқшаулауы бала бойында сенімсіздік, өз-өзін қабылдамау, өзі қатарлы балалардың ортасына сіңісіп кете алмау, өмірден өзіне не керек екендігін түсінбеу немесе мақсаттарына қол жеткізуге деген құлшыныстың болмауына алып келіп соғады. Мүгедек баланың бойында қоғамның толыққанды мүшесі екендігіне деген сенімді орнату үшін ең алдымен біз қоғамдағы көзқарасты, қоғамдық мәдениетті қалыптастыруымыз қажет. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды қоғамдық ортаға бейімдеу, психологиялық көмек көрсету орталықтарының қызметін жүйелі әрі сапалы түрде ұйымдастыру керек.

4. Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары мен денсаулығына деген қажеттіліктерін білуде барлық медициналық қызметкерлердің кәсіби деңгейі жоғары емес. Ал, мүгедектік мәселесі дұрыс және жан-жақты дайындықты, осы мәселе бойынша үнемі кәсіби дамуды талап етеді.

5. Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары мен қажеттіліктері жаппай қоғаммен, оның ішінде медицина мамандарымен де оқытылуы қажет. Медициналық мекемелерде

барлығына қолжетімді және толық көрнекі ақпараттар, жадынамалар, нұсқаулықтар, жұмыс ережелері және т.б. болуы керек, бұл мүмкіндігі шектеулі балаларға дәрігердің қабылдау мерзімін икемді түрде қарастыру, шақыру бойынша медициналық көмек көрсету сапасын арттыру, пациенттердің шығындарын азайту сияқты мәселелерді шешуге көмектеседі.

6. Мүгедек бала тіркелген медициналық мекемелерге жету мүгедек бала мен оның ата-анасына қолайсыздықтар тудырады. Елімізде мүмкіндігі шектеулі адамдардың қозғалысын жақсарту мақсатында қолданысқа енгізілген инватакси қызметі ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бастамасымен 2021 жылдан бастап пилоттық режимде әлеуметтік қызметтер порталына енгізілген, 2023 жылдан бастап бұл қызметті толықтай енгізу жоспарлануда. Алайда, бұл қызметті қолдану үшін тұлғада ЭЦҚ болуы мен оның компьютерлік техниканы жеткілікті дәрежеде меңгеруі, қолында ғаламтор желісіне қосылған ұялы телефоны не компьютері болуы қажет. Алайда, осы тұста мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған көптеген отбасылардың табысы мен халықтың компьютерлік сауаттылығының төмендігі ескерілмеген.

7. Инватакси қызметін біріншіден, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектер қолдана алады, екіншіден, инватакси қызметін пайдалану үшін оған бір тәулік бұрын тапсырыс берілуі керек, үшіншіден инватакси қызметінің бір күндік лимиті 2 реттен аспайды[9]. Осындай шектеулер мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасыларға қоғамдық көлікпен не өз қаражаты есебінен жеткізу қызметіне жүгінуіне алып келіп соғады. Қоғамдық көліктер, Астана мен Алматы сияқты республикалық маңызы бар қалаларды қоспағанда, мүмкіндігі шектеулі жандардың, соның ішінде тірек-қимыл аппараттары бұзылған мүмкіндігі шектеулі жандардың жүріп-тұруына қажетті жағдай мүлде тудырмайды.

8. Қоғамдық орындар мен ғимараттардың көпшілігі мүгедек балалардың еркін қозғалысына икемделіп құрылмаған. Кейбір мекемелерде флюрографиялық, маммографиялық құрылғылар, пандустар, жеделсатылар, дәрігердің науқастарды қарайтын кушеткалары қимыл-қозғалыс аппараты бұзылған мүгедек балалардың қажеттілігін қанағаттандыра алмайды.

9. Денсаулық жағдайының ерекшелігіне байланысты мүгедек балалар жол-көлік апаттарының құрбандарына жиі айналу қаупі бар. Ресми мәліметтерге сүйенетін болсақ, 2022 жылдың қаңтар мен шілде айлары аралығында елімізде балалардың қатысуымен 1200-ден астам жол-көлік оқиғасы орын алып, нәтижесінде 70 кәмелетке толмаған бала қайтыс болса, 1500 жуығы түрлі жарақаттар алған[10]. Қауіптің салдарымен күрескеннен гөрі оның алдын алған әлдеқайда дұрыс. Елімізде Астана мен Алматы қалаларын қоспағанда жол белгілері, бағдаршамдар есту, көру қабілеті төмен, тірек-қимыл аппараттарының бұзылуы бар мүгедек балалардың қажеттілігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайды.

10. Есту қабілеті шектелген мүгедек балалар үшін медициналық қызметтерге қолжеткізуді шектейтін кедергінің бірі – жазу материалдарының немесе сурдоаудармашы қызметінің шектеулі қолжетімділігі, кейбір медициналық мекемелерде сурдоаудармашы қызметі мүлде қарастырылмаған. Дәрігер маман сурдоаудармашы мамандығын игермегендіктен есту, сөйлеу қабілеті шектелген мүгедек баланың қандай шағым, тілектері бар екендігін толықтай түсіну, сол арқылы ол балаға тиісті ем тағайындау объективті жүргізілмеуге алып келіп соғады.

11. Мүгедектігі бар балаларға арналған мамандандырылған медициналық мекемелер санын көбейту үшін соңғы жылдары көп күш-қуат жұмсалғанына қарамастан, мамандандырылған медициналық мекемелер негізінен тек ірі қалаларда

[9] Пользователям инватакси в Казахстане обещают 60 бесплатных поездок в месяц с 2021 года [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://ru.sputnik.kz/20201028/Polzovatelyam-invataksi-v-Kazakhstane-obeschayut-60-besplatnykh-poezdok-v-mesyats-s-2021-goda-15316120.html (дата обращения: 29.11.2022).

[10] Количество ДТП в Казахстане находится в критически высоком уровне – МВД [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://www.kt.kz/rus/society/kolichestvo_dtp_v_kazahstane_nahoditsya_na_kriticheski_1377936109.html (дата обращения: 13.03.2023).

орналасқан. Тіпті медициналық қызметтер көрсетіліп жатқанымен, олардың сапасы төмен. Бұл жабдықтардың жетіспеушілігі (әсіресе жүктіліктің алғашқы мерзімдерінде мүгедектікке алып келіп соғатын кейбір патологияларды ерте анықтауға арналған жабдықтар), баланың жастық шағында мүгедектікке алып келіп соғатын қауіптің алғашқы симптомдарын және факторларын анықтай алатын білікті медициналық қызметкерлердің жетіспеушілігі және баласына жуырда диагноз қойылған ата-аналарда ол диагноз, мүгедектік, мүгедектікке өту ережесі мен шарттары, мүгедек балаға жасалатын қажетті көмектер, күту жағдайлары туралы ақпараттың шектеулі көлемі сияқты бірнеше себептерге байланысты.

*Қорытынды.* Жоғарыда аталған мәселелер-ді талдау нәтижесінде біз мынадай қорытынды жасадық:

1. Тақырып бойынша әдебиеттерді зерделеу – мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарын зерттеуге, оларды жүзеге асыру тетіктері бойынша ұсыныстарды әзірлеуге, туындаған проблемаларды шешу жолдарына арналған ғалымдардың еңбектерінің аз екенін көрсетті. Бұл еліміздегі мүгедектік мәселелерін ғылыми деңгейде зерттеуге қызығушылықтың төмен деңгейін көрсетеді. Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарын қорғау саласындағы ғылымның рөлін арттыру үшін мемлекет тарапынан ғылыми зерттеулерді ынталандыруды арттыру қажет, атап айтқанда, жоғары оқу орындарында оқуға және осы саладағы ғылыми-зерттеу жұмыстары мен конкурстық жобаларына мемлекеттік гранттардың санын көбейту.

2. Мүгедек балаларды әлеуметтік интеграцияға қосудың ең қажетті басты шарты – қоғамның мүгедек балаларға деген көзқарастарын өзгертуге бағытталған қоғамдық мәдениетті қалыптастыру, яғни, инклюзивті қоғам құру. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін 2002 жылы 08 тамызда қабылданған «Қазақстан Республикасын-дағы баланың құқықтары туралы» және 2005 жылы 13 сәуірде қабылданған «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» заңдарындағы «мүгедек бала», «мүмкіндігі шектеулі бала» терминдерін және «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР 2002 жылғы 11 шілдедегі заңындағы «кемтар бала» терминін «ерекше бала» терминіне унификациялау ұсынылады. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды бекіту туралы» №326 қаулысының 3-бөлім, 2-тарау, 7-параграфы 1-тармағында «Қоғамның мүгедектігі бар адамдардың проблемаларына деген көзқарасын өзгерту мақсатында бірқатар негізгі дефинициялар мен ұғымдарды қайта қарау қажеттігі» мәселесі қарастырылған[11]. Біз ұсынып отырған «Ерекше бала» термині – аталған стратегиялық шараны іске асырудың нысаналы алғышарты болуы керек деп ойлаймыз. «Ерекше бала» термині мүмкіндігі шектеулі баланың бойындағы физикалық, зияткерлік және өзге де кемшіліктеріне қоғамның өткір назарын аудармайды. Керісінше, қоғамның, мемлекеттің, әрбір адамның бұл балалардың бойындағы «шектеусіз мүмкіндіктерін» ашуға ынтасын көтереді. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, Нобель сыйлығының лауреаты, атақты физик-теоретик Стивен Вильям Хокинг, неміс композиторы Людвиг ван Бетховен, Америка Құрама Штаттарының тарихында дипломатиялық саясаттағы шеберлігімен есте қалған 32-ші Президент Франклин Делано Рузвельт, «Грэмми» сыйлығының иегері белгілі американдық музыкант Рэй Чарльз, 13 жасында толықтай көрсоқырлыққа ұшыраганына қарамай Эверест шыңын бағындырған тұңғыш сколалаз Эрик Вайхенмайер, тізесінен төмен аяғы болмасада дені сау жеңіл атлеттермен теңдей сайысқа түсіп спортта үлкен жетістіктерге жетіп, мүмкіндігі шектеулі адамдарға мотиватор

[11] Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 ж. 28 мамырдағы №326 қаулысы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000326 (жүгінген күні: 13.03.2023).

болған Оскар Писториустар әртүрлі сипатта мүмкіндіктері шектеулі болған. Соған қарамастан олардың бойындағы шексіз мүмкіндіктері, өзге адамдарға ұқсамайтын ерекшеліктері аталған тұлғалардың адамзат тарихына өз үлестерін қосып, күні бүгінге дейін тарих беттерінде қалуларына себеп болды. Еліміздегі әрбір «мүмкіндігі шектеулі» деп саналатын балалардың бойындағы осындай «шексіз мүмкіндіктерін» ашу үшін, олардың қоғамдық өмірге белсене араласуына жол ашу үшін, бұл санаттағы балалар мен олардың ата-аналарының өздерін қоршаған ортада жайлы сезінулері үшін біз ұсынып отырған «ерекше бала» термині сөзсіз қажет деп санаймыз. Қолданылуы ыңғайлы, естуге жеңіл тиетін осы бір термин мүмкіндігі шектеулі балалардың мәселелеріне тек қана медициналық көзқараспен ғана қарамай, әлеуметтік, мәдени, адами көзқарастарды орнатуға негіз болып, сол балалардан еліміздің дамуына өз үлестерін тигізетін кәсіби мамандардың шығуына мүмкіндіктер ашады деген сенімдеміз.

3. Инклюзивті қоғамды қалыптастыру үшін жүргізілетін шараларда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі өте зор. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың күнделікті тұрмыс-тіршілігін, олардың оқуда, өнерде, спортта жеткен аз да болса жетістіктерін дәріптеу, олардың өздері қатарлы балалар алдындағы беделін көтеру, сол арқылы олардың өздеріне деген бағалау дәрежесін көтеру қажет.

4. Денсаулық сақтау саласында бірқатар өзгерістер енгізу. Атап айтсақ, медициналық мекемелерде тек мүгедек балалардың мәселесі бойынша маманданған педиатр, терапевт, психолог, логопед, психиатр, сурдомамандарды қайта даярлау. Бұл мамандардың қызметі мүгедек балаларды үздіксіз бақылау, емдеумен қатар, кейбір тұқымқуалау жолымен берілетін мүгедектікке алып келіп соғатын ауруларды ерте скринингтеуде маңызды рөл атқарады деген сенімдеміз.

5. Еліміздегі инватакси қызметін одан әрі жетілдіру. Инватакси қызметі қолжетімді әрі ыңғайлы деңгейде қызмет көрсету үшін мемлекет тарапынан қаржы бөлуді жалғастыру. Инватакси қызметін тек инфраструктурасы дамыған қалалық жерлерде ғана емес, еліміздің шалғай өңірлерінде тұратын мүгедек балалар үшін де қолжетімді ету.

6. Бүгінгі таңда әлемде 1млрд-қа жуық әртүрлі физикалық, психикалық және сенсорлық бұзылыстары бар адамдар өмір сүруде. Оның 240 миллионы балалардың үлесіне келеді. Физикалық түрлі бұзылыстар бұл балалардың қоғамдық көліктерді пайдалану мен қоғамдық мекемелерге кедергісіз бару мүмкіндіктерін жоққа шығаруда. Соның әсерінен көптеген мүгедек балалар өзі қатарлы балалармен тең қатынаста өмір сүре алмауда[12]. Өкінішке орай, бұл мәселелермен біздің мемлекетімізде өмір сүріп жатқан мүмкіндігі шектеулі балаларда күнделікті өмірде жиі ұшырасатыны жасырын емес. Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарын толыққанды қамтамасыз ету үшін қоғамдық орындар мен ғимараттарды, қоғамдық көліктер мен әлеуметтік маңызды құрылыстарды мүгедек балалардың жүріп-тұруы үшін ыңғайлы етіп жабдықтауды жандандыру қажет.

7. Жол-көлік апаттарына қатысты жоғарыда көрсетілген статистикалық мәліметтерді назарға алатын болсақ, мүмкіндігі шектеулі балалардың әртүрлі физикалық және зияткерлік кемшіліктеріне байланысты осындай апаттардың құрбандары болу ықтималдығы жоғары екендігін ескеру өте маңызды. Сол себепті, еліміздегі балалардың, мүмкіндігі шектеулі балалардың жол қатынасы саласындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жол белгілерін, бағдаршамдарды қауіпсіздік белгілерімен жабдықтандыруды күшейту қажет.

Осылайша, зерттеу көрсеткендей дүниежүзілік қоғамдастық және әрбір мемлекетте, оның ішінде Қазақстанда

[12] Глава ООН: необходимо сломать все барьеры, с которыми сталкиваются люди с инвалидностью [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://news.un.org/ru/story/2022/02/1418362 (дата обращения: 13.03.2023).

ерекше балалардың құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау бойынша жүргізіліп жатқан шараларға қарамастан, БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенциясының ережелерін іске асыру бойынша әлі де атқарылуы тиіс көп жұмыс күтіп тұр.

Біз «Тек кепілдік берілген адам құқықтары – мемлекет пен халықаралық қоғамдастықтың тұрақты негізін құрайды» деген көрнекті ғалымдардың пікірімен келісеміз [4, 5 б.]. Қоғамдық өмірге араласқан, тұрмыстың барлық саласында белсенді балалар ата-ананың, отбасының ғана емес, бүкіл халықтың болашағы. Елімізде балалық шақтағы мүгедектіктің алдын алу және мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарын жақсарту бойынша әлеуметтік, медициналық, құқықтық, ағарту іс-шаралары қазірдің өзінде жүргізілуде және барлық балалардың болашағы сенімді және жарқын болуы үшін одан әрі де үздіксіз, сапалы, халықаралық стандарттар деңгейінде жүзеге асырылуы тиіс.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Алисиевич, Е.С. Поощрение и защита прав уязвимых групп в международном праве: учеб. пособие / Е.С. Алисиевич. – М.: РУДН, 2012. – 431 с.
2. Тұрсынов, А.Б. Қазақстандағы балалар құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері / А.Б. Тұрсынов // Құқық қорғау органдары академиясының жаршысы. – 2020. – №1(15). – 100-106 бб.
3. Stoykovich, L.Yu. Inclusive Education: Factors Of Adaptation of Disabled People to the Education Process [Electronic resource] / L.Yu. Stoykovich, et al. – Global Challenges and Prospects of the Modern Economic Development / European Proceedings of Social and Behavioural Sciences, 2019. – vol 57. – pp. 643-653. – Access mode: https://doi.org/10.15405/epsbs.2019.03.64 (Access data: 29.11.2022).
4. Международная и внутригосударственная защита прав человека: учебник / под ред. Р.М. Валеева. – М.: Статут, 2011. – 413 с.


**References:**


1. Alisievich, E.S. Pooshhrenie i zashhita prav ujazvimyh grupp v mezhdunarodnom prave: ucheb. posobie / E.S. Alisievich. – M.: RUDN, 2012. – 431 s.
2. Tұrsynov, A.B. Қazaқstandaғy balalar құқұқtaryn қorғaudyң өzekti məseleleri / A.B. Tұrsynov // Құқұқ қorғau organdary akademijasynyң zharshysy. – 2020. – №1(15). – 100-106 bb.
3. Stoykovich, L.Yu. Inclusive Education: Factors Of Adaptation of Disabled People to the Education Process [Electronic resource] / L.Yu. Stoykovich, et al. – Global Challenges and Prospects of the Modern Economic Development / European Proceedings of Social and Behavioural Sciences, 2019. – vol 57. – pp. 643-653. – Access mode: https://doi.org/10.15405/epsbs.2019.03.64 (Access data: 29.11.2022).
4. Mezhdunarodnaja i vnutrigosudarstvennaja zashhita prav cheloveka: uchebnik / pod red. R.M. Valeeva. – M.: Statut, 2011. – 413 s.


**АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT AUTHORS**


**Ақбөпе Нұрмұханбетқызы Ергалимова** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, халықаралық құқық магистрі, e-mail: akbope_80kz@mail.ru.

**Ергалимова Ақбөпе Нұрмұханбетқызы** – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, магистр международного права, e-mail: akbope_80kz @mail.ru.

**Yergalimova Akbope Nurmukhanbetkyzy** – Doctoral student of the Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Master of International Law, e-mail: akbope_80kz@mail.ru.

**Ербол Мусинович Абайдельдинов** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің халықаралық құқық кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы, e-mail: erbolabay @mail.ru.

**Абайдельдинов Ербол Мусинович** – профессор кафедры международного права Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, доктор юридических наук, e-mail: erbolabay@mail.ru.

**Abaideldinov Yerbol Musinovich** – Professor of the Department for International Law of the Eurasian National University named after L.N. Gumilev, Doctor of Law, e-mail: erbolabay@mail.ru.

## АВТОРЛАР ҮШІН АҚПАРАТ

Журналдың айдарлары: Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы; Конституциялық және әкімшілік құқық; Азаматтық және азаматтық-процестік құқық; Қылмыстық құқық және криминология, қылмыстық-атқарушылық құқық; Қылмыстық процесс, криминалистика, сот-сараптама қызметі, жедел-іздестіру қызметі; Прокурорлық қадағалау теориясы және тәжірибесі; Құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдар қызметі; Педагогика, психология және әлеуметтік-экономикалық ғылымдар салаларындағы зерттеулер; Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану. Журналдың тақырыптық бөлімдері авторлардың жариялауым тақырыбын таңдауына шектеу қоймайды, өйткені маңызды материалдар болса, айдарды кеңейтуге болады.

Журналға жариялануға: а) басқа басылымдарда бұрын жарияланған авторлық материалдар; б) ертеде жарияланған нәтижелермен салыстырғанда жаңа ақпараты жоқ мақалалар немесе нақты, тарихи немесе басқа да қателіктер, сонымен қатар келтіретін ғылыми фактілерге тура қарсылық келтіретін бекітулер және гипотезалар бар мақалалар; в) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалар және ведомстволық нормативтік актілеріне, шарттарға және т.б. сәйкес мемлекеттік құпиялар, қызметтік немесе коммерциялық құпияларға жататын мәліметтері бар материалдар; г) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жариялануға тыйым салынған материалдар қабылданбайды.

Берілген материалдардың мазмұны мен оның шынайылығы автордың жауапкершілігінде. Автордың көзқарасы Редкеңестің және редакцияның көзқарастарына сай келмеуі мүмкін. Редакция қажетті түзетулер мен қысқартулар жасауға құқылы. Материалдар қайтарылмайды. Жариялау бойынша мерзімдерді баспагер өз жауапкершілігіне алмайды. Егер де материал авторға (авторларға) қайта өңдеуге жіберілетін болса, автордың (авторлардың) қайта өңдеп, қайтарған күні материал түскен күні болып есептеледі. Әр автор (авторлар) бір нөмірде екі материал жариялай алады.

Материалдарды қабылдау және Журнал нөмірін құру келесі мерзімде жасалады: 1) тоқсанның бірінші айының 30 дейін – материалдарды жариялауға қабылдау; 2) тоқсанның екінші айының 30 дейін – журнал нөмірін құру бойынша Редакциялық алқаның және Редакцияның жұмыстары; 3) тоқсанның үшінші айының 30 дейін – журнал нөмірінің жобасын баспаханаға беру, журналды жариялау. Жаршыға мақалаларды рәсімдеу бойынша талаптар: 1) жариялауға арналған мақалаларда ғылыми зерттеулердің түпнұсқалар нәтижелері болуы қажет; 2) мақала мәтіні doc (Microsoft Word) А4 парағындағы форматта рәсімделеді, кітап бағытында, негізгі мәтіннің көлемі 8 бетке дейін, Times New Roman қарпінде, 14 pt, интервалы – 1,0; жолақтар арасы – біреу; форматтау – ені бойынша, абзацтық шегіну – 1,25 см, барлық жағынан өрістері – 20 мм, нөмірлеу міндетті түрде беттің төменгі жағындағы ортада; 3) мақала электронды түрде беріледі, рәсімделген келесі мәліметтердің көрсетілуімен беріледі: сол жақ бұрышында ӘОЖ (Әмбебап ондық жіктеу), МҒТАР (Мемлекетаралық ғылыми-техникалық ақпараттар рубрикаторы) (http://grnti.ru); автордың (авторлардың) аты-жөні (2 автордан аспау қажет), ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, академиялық дәрежесі, жұмыс орны, қаласы, мемлекеті, мақаланың аты (жартылай боялған басты әріптермен), аннотациясы (сөздердің саны 100-ден 150-ге дейін), түйінді сөздері (8-10 сөз) қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде. Ұйымның толық аты, қаласы, мемлекеті (егер де авторлар басқа ұйымдарда жұмыс жасайтын болса, автор тегінің және тиісті ұйымның қасына бірдей белгі қойылуы қажет).

Аннотацияда мазмұны бойынша мақаланың атауын қайталамауы, формулалардың, библиографиялық сілтемелердің болмауы, мақаланың құрылымын сақтай отырып, мақаланың қысқаша мазмұнын көрсетуі тиіс.

Түйінді сөздер мақаланың негізгі мазмұнын көрсетуі, мүмкіндігінше тақырып аты мен түйіндегі сөздер қайталанбауы тиіс, терминдерді мақала мәтінінен пайдаланған жөн, сонымен қатар мақаланы ақпаратты жүйелерден табуды кеңейтетін және оны жеңілдетуге мүмкіндік

беретін, басқа да маңызды ұғымдар мен мәнінің саласын анықтайтын терминдердің болуы қажет; мақала мәтінінде кіріспе, зерттеу материалы мен әдістері, нәтиже/талқылау, қорытынды/шешімнің болуы; қаржыландыру туралы ақпарат (бар болса); пайдаланылған әдебиеттер, ақпарат көздері мақаланы дайындау барысында (әдебиеттер тізімі) оның соңына орналасады (соның ішінде 1/3 кем емес шет тіліндегі шетелдік сілтемелер көздерінің болуы). Редакциялық алқа әдебиеттер тізімінде (Scopus, Web of Science) журналдарының жаһан бойынша индекстер сілтемелері бар мақалаларына сілтеме жасауды ұсынады. Мақалада сілтемелер аталу тәртібі бойынша нөмірленуі қажет. Мақаладағы сілтемелер нөмірі квадратты жақшалармен рәсімделеді. Мақаладағы әдебиеттерге бірінші сілтеме [1] нөмірлі болуы қажет, екінші – [2] және с.с. Материалдың авторы көрсетілмеген электрондық ресурстар, статистикалық жинақтар, нормативтік құқықтық актілер әр беттік сілтемелерде көрсетіледі және пайдаланылған әдебиеттер тізімі енгізілмейді. Мақаланың негізгі мәтініндегі кітапқа сілтеме пайдаланылған беттерді көрсетуі қажет (мысалы, [2, 545 б.]). Әдебиеттер тізімі МЕМСТ 7.1.-2003 «Библиографиялық жазба. Жалпы талаптар және толтыру ережесіне» сәйкес рәсімделеді. Қайта сілтеме жасалған кезде алдыңғы қолданған сілтеме нөмірі беріледі. Интернет-ресурстарға сілтеме жасалғанда автор, мақала мәтіні көрсетіледі, көздері, электрондық толық мекенжайы, оған кірген күні көрсетіледі. Жеке хабарламаларға, есептерге, қорғалмаған диссертацияларға және басқа да жарияланбаған материалдарға сілтеме жасауға рұқсат етілмейді. Мақаладағы әдебиеттер тізімі роман әліпбиімен (References) рәсімделеді (http://translit.ru_ сайтында орыс әліпбиінен латыншаға транслитерация жасайтын бағдарлама бар. Автордың өзіне-өзі сілтеме жасауы әдебиеттер тізіміндегі сілтемелердің жалпы санымен салыстырғанда 20% аспауы қажет. Сапалы рәсімделген және аударылған аннотация, түйінді сөздер, әдебиеттер тізімі мақалаға деген ынтаны, сонымен қатар шетелдік әріптестердің сілтеме жасауын арттырады. 4) формула теру үшін формулалар редакторы Microsoft Eguation 3.0. пайдаланылады. Формулалар латын әліпбиімен теріледі, шрифтің көлемі 11. Мақалада сілтеме бар формулалар ғана нөмірленеді. Кестелер, суреттер (графикалық материалдар) айтылғаннан кейін орналастырылуы қажет. Әрбір иллюстрациядан кейін жазу болуы қажет. Суреттер анық, барлық детальдарды жеткізе алатындай күйде орындалуы қажет, нөмірленген, қол қойылған және электронды түрде берілуі тиіс. Кестенің атауы бас әріптермен, ал оның астындағылар жолақтағы әріптермен жазылса да болады, егер де олар бір сөйлемді құраса.

Көпшілікке белгілілерден басқа барлық аббревиатуралар және қысқартулар мәтінде бірінші рет қолданғаннан бастап ашылып жазылуы қажет.

Материалдар ақысыз жарияланады. Материалдар 7171410@prokuror.kz, 7171402@prokuror.kz электрондық поштасына жіберіледі. Пошталық мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010078, Ақмола облысы, Қосшы қ., Республика көшесі, 94-құрылыс, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы.

Журналдың электрондық мұрағаты Журналдың ресми сайтында (vestnikacademy.kz) ашық қолжетілімділікте орналастырылады.

## ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АВТОРОВ

Рубрики журнала: Теория и история государства и права; Конституционное и административное право; Гражданское и гражданско-процессуальное право; Уголовное право и криминология, уголовно-исполнительное право; Уголовный процесс, криминалистика, судебно-экспертная деятельность, оперативно-розыскная деятельность; Теория и практика прокурорского надзора; Деятельность правоохранительных и иных государственных органов; Исследования в сфере педагогики, психологии и социально-экономических наук; Международное право и сравнительное правоведение. Заявленные тематические разделы Журнала не ограничивают авторов в выборе темы публикации, так как при наличии актуального материала рубрикация может быть расширена.

К публикации в Журнал не принимаются: а) авторские материалы, ранее опубликованные в других изданиях; б) статьи, не содержащие новой информации, по сравнению с ранее опубликованными результатами, либо содержащие фактические, исторические или иные ошибки, а также статьи, содержащие утверждения и гипотезы, прямо противоречащие установленным научным фактам; в) материалы, содержащие сведения, которые составляют государственные секреты, служебную или коммерческую тайну в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и ведомственными нормативными актами, договорами и т.д.; г) материалы, запрещенные к опубликованию в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

За достоверность и содержание предоставленных материалов ответственность несет автор. Мнения авторов могут не совпадать с точкой зрения Редсовета и редакции. Редакция имеет право производить необходимые правку и сокращения. Материалы не возвращаются. Издатель не берет на себя обязательства по срокам публикации. Если материал направляется автору (авторам) на доработку, то датой поступления считается дата возвращения автором (авторами) переработанного материала. Каждый автор (авторы) может опубликовать в одном выпуске не более двух материалов.

Прием материалов и формирование номера Журнала осуществляется в следующие сроки: 1) до 30 числа первого месяца квартала – прием материалов для публикации; 2) до 30 числа второго месяца квартала – работа Редакции по формированию номера Журнала; 3) до 30 числа третьего месяца квартала – передача проекта номера Журнала в типографию, опубликование Журнала. Требования по оформлению статей в Журнал: 1) статья для публикации должна содержать результаты оригинальных научных исследований; 2) текст статьи оформляется в формате doc (Microsoft Word) страница – А4, книжная ориентация, объем основного текста до 8 страниц, шрифт Times New Roman, кегль 14 пт, интервал – 1,0; межстрочный интервал – одинарный, форматирование – по ширине, абзацный отступ – 1,25 см, поля – 20 мм со всех сторон, нумерация обязательная внизу по центру страницы; 3) статья представляется в электронном виде, оформленная с указанием следующих сведений: в левом верхнем углу индекс УДК (универсальный десятичный классификатор, МРНТИ (Межгосударственный рубрикатор научно-технической информации) (http://grnti.ru); фамилия, имя, отчество автора (ов) (не более 2-х авторов), ученая степень, ученое звание, академическая степень (при наличии), информация о месте работы автора, город, страна, название статьи (прописными буквами, полужирным шрифтом), аннотация (количество слов – от 100 до 150), ключевые слова (8-10 слов) на казахском, русском и английском языках. Полное наименование организации, города, страны (если авторы работают в разных организациях, необходимо поставить одинаковый значок около фамилии автора и соответствующей организации).

Аннотация не должна по содержанию повторять название статьи, содержать формулы, содержать библиографические ссылки, должна отражать краткое содержание статьи, сохраняя структуру статьи.

Ключевые слова должны отражать основное содержание статьи, по возможности не повторять термины заглавия и аннотации, использовать термины из текста статьи, а также термины, определяющие предметную область и включающие другие важные понятия, позволяющие облегчить и расширить возможности нахождения статьи средствами информационной системы; текст статьи, содержащий введение, материалы и методы исследования, результаты/обсуждение, заключение/выводы; информацию о финансировании (при наличии); список использованных при подготовке статьи информационных источников (список литературы) располагается в конце статьи (в том числе не менее 1/3 иностранных источников на иностранном языке от общего количества). Редакционная коллегия рекомендует в списке литературы ссылаться на статьи из журналов по глобальным индексам цитирования (Scopus, Web of Science). Ссылки должны быть пронумерованы строго по порядку упоминания в тексте. Номер ссылки в тексте статьи оформляется в квадратных скобках. Первая ссылка в тексте на литературу должна иметь номер [1], вторая – [2] и т.д. Электронные ресурсы, в которых не указан автор материала, статистические сборники, нормативно-правовые акты указываются в постраничных сносках и в список использованной литературы не вносятся. Ссылка на книгу в основном тексте статьи должна сопровождаться указанием использованных страниц (например [2, 545 стр.]). Список литературы оформляется в соответствии с ГОСТ 7.1.-2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления». При повторном цитировании источника ему присваивается номер первоначального цитирования. При ссылках на Интернет-ресурсы указывается автор, название текста, источник, полный электронный адрес материала, дата его посещения. Не разрешается ссылка на частные сообщения, отчеты, не защищенные диссертации и другие неопубликованные материалы. Пристатейные списки литературы оформляются также в романском алфавите (References). На сайте http://translit.ru имеется программа транслитерации русского языка в латиницу. Самоцитирование автора допускается не более 20% от количества источников в списке литературы. Качественно оформленные и переведенные аннотация, ключевые слова, список литературы повышают интерес к статье, а также вероятность цитирования статьи зарубежными коллегами; 4) для набора формул следует использовать встроенный редактор формул Microsoft Eguation 3.0. Формулы набираются латинским алфавитом, размер шрифта 11. Нумеруются только те формулы, на которые есть ссылки в тексте. Таблицы, рисунки (графический материал) должны располагаться после упоминания. С каждой иллюстрацией должна следовать надпись. Рисунки должны быть выполнены четко, в формате, обеспечивающем ясность передачи всех деталей, пронумерованы, подписаны и представлены на электронном носителе. Заголовки граф таблицы начинаются с прописных букв, а подзаголовки могут начинаться со строчных букв, если они составляют одно предложение с заголовком.

Все аббревиатуры и сокращения, за исключением заведомо общеизвестных, должны быть расшифрованы при первом употреблении в тексте. Статьи публикуются на безвозмездной основе. Материалы направляются на e-mail: 7171410@prokuror.kz, 7171402@prokuror.kz. Почтовый адрес: Республика Казахстан, 010078, Акмолинская область, г. Косшы, улица Республика, строение 94, Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан.

Электронный архив Журнала выкладывается в открытом доступе на официальном сайте Журнала: vestnikacademy.kz.

## INFORMATION FOR AUTHORS

Headings of the Journal: - Theory and history of state and law; - Constitutional and Administrative Law; - Civil and Civil Procedure Law; - Criminal Law and Criminology, Penal Law; - Criminal procedure, Criminalistics, Forensic Expertise, Operational Investigative Activities; - Theory and Practice of Prosecutorial Oversight; - The Activities of Law Enforcement and Other Government Agencies; - Research in the Field of Pedagogy, Psychology and Socio-Economic Sciences; - International Law and Comparative Law. The thematic sections of the Journal do not limit the authors in choosing the topic of publication, since if there is interesting, relevant material, the rubrication can be expanded.

The following are not accepted for publication in the Journal: a) copyrighted materials previously published in other publications; b) articles that do not contain new information, compared with previously published results, or contain actual, historical or other errors, as well as articles containing statements and hypotheses that directly contradict established scientific facts; c) materials containing information that constitutes state secrets, official or commercial secrets in accordance with the current legislation of the Republic of Kazakhstan and departmental regulations, agreements, etc.; d) materials prohibited for publication in accordance with the legislation of the Republic of Kazakhstan.

An author is responsible for the accuracy and content of the materials provided. The opinions of the authors may not coincide with the point of view of the Editorial Council and the editors. The editors have the right to make the necessary revisions and reductions. Materials are not returned. The publisher does not undertake obligations on the timing of publication. If the material is sent to the author (s) for revision, the date of receipt is the date of return by the author (s) of the revised material. Each author (s) can publish in one issue no more than two materials.

Reception of materials and the formation of the Journal number is carried out in the following terms: 1) until the 30th day of the first month of the quarter - acceptance of materials for publication; 2) until the 30th day of the second month of the quarter - the work of the Editorial Board on the formation of the Journal number; 3) until the 30th day of the third month of the quarter - transfer of the draft number of the Journal to the printing house, publication of the Journal. Requirements for articles to be accepted in the Journal: 1) article for publication must contain the results of original scientific research; 2) text of the article is in the format of doc (Microsoft Word) page - A4, portrait orientation, the volume of the main text up to 8 pages, font Times New Roman, size 14 pt, spacing - 1.0; single line spacing, formatting - in width, paragraph indent - 1.25 cm, margins - 20 mm on all sides, numbering is obligatory at the bottom in the center of the page; 3) article is submitted in electronic form, issued with the following information: in the upper left corner, the UDC index (universal decimal classifier, IRSTI (Interstate rubricator of scientific and technical information) (http://grnti.ru);surname, name, patronymic of the author (s) (no more than 2 authors), academic title, academic degree (if available), information about the place of work of the author, city, country, article title (in capital letters, bold) , abstract (number of words - from 100 to 150) keywords (8-10 words) in Kazakh, Russian and English. Full name of the organization, city, country (if the authors work in different organizations, you must put the same icon next to the author's name and the corresponding organization).

The abstract should not repeat the title of the article, contain formulas, contain bibliographic references, should reflect the summary of the article, keeping the structure of the article.

Keywords should reflect the main content of the article, if possible not repeat the terms of the title and annotations, use the terms from the text of the article, as well as terms defining the subject area and include other important concepts that make it possible to facilitate and expand the possibilities of finding the article by means of an information system; text of the article containing the introduction, materials and methods of research results/discussion, conclusion/summary; information on funding (if applicable); list of information sources used in the preparation of an article (references) is located at the end of the article (including at least 1/3 of foreign sources in a foreign language of the total). The editorial board recommends in the list of references to refer to articles from magazines on global

citation indices (Scopus, Web of Science). References should be numbered strictly in the order of mention in the text. The reference number in the text of the article is in square brackets. The first reference in the text to the literature should have the number [1], the second – [2], etc. Electronic resources that do not specify the author of the sources, statistical data, normative legal acts are indicated in page-by-page footnotes and not included in the references list.

The reference to the book in the main text of the article should be accompanied by an indication of the pages used (for example, [2, 545 p.]). References are made in accordance with GOST 7.1.-2003 «Bibliographic record. Bibliographic description. General requirements and rules of drafting». When re-quoting a source, it is assigned an initial citation number. When linking to the Internet resources, the author, the name of the text, the source, the full electronic address of the material, the date of its visit are indicated. Reference to private messages, reports, dissertation and other unpublished materials is not permitted. Work references are also drawn up in the Roman alphabet (References). On the site http://translit.ru there is a program for transliteration of the Russian language into Latin. The author's self-citation is allowed no more than 20% of the number of sources in the list of references. Qualitatively executed and translated abstract, keywords, bibliography increase interest in the article, as well as the likelihood of citing the article by foreign colleagues; 4) for the set of formulas, use the built-in formula editor Microsoft Eguation 3.0. Formulas are typed in the Latin alphabet, font size 11. Only those formulas that are referenced in the text are numbered. Tables, figures (graphic material) should be located after the mention. Each illustration should follow the inscription. Figures should be made clearly, in a format that ensures the clarity of the transfer of all the details, numbered, signed and presented on electronic media. The headings of the table columns begin with capital letters, and subheadings can begin with lowercase letters if they constitute one sentence with a heading.

All abbreviations, with the exception of obviously well-known, should be deciphered when first used in the text. Articles are published free of charge. Materials are sent to e-mail: 7171410@prokuror.kz, 7171402@prokuror.kz. Mailing address: Republic of Kazakhstan, 010078, Akmola region, Kosshy c., building 94, Law enforcement Academy under the General Prosecutor's Office of the Republic of Kazakhstan.

The electronic archive of the Journal is put out in the public domain on the official website of the Journal: vestnikacademy.kz.

Құрылтайшы:
Құқық қорғау органдары академиясы
010078, Ақмола облысы, Қосшы қ.,
Республика көшесі, 94-құрылыс
Тел.\факс: 8 (71651) 68-100
e-mail: academy-gp.kz, vestnikacademy.kz

Басуға 2023 жылдың 31 наурызында қол қойылған
Пішімі 84х60$^{1/8}$. Көлемі-114 бет.
Журналды басып шығарған
«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы» ММ баспасы.
010078, Ақмола облысы, Қосшы қ.,
Республика көшесі, 94-құрылыс